

**Ұлттық Банктің АБР 4 жылда ең жоғары мәнін көрсетті –  
Д.Ақышев**

Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері 2016 жылғы маусымның соңында 2012 жылғы шілдеден бастап ең жоғары мәнді көрсете отырып, 30,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Сонымен бірге Ұлттық қордың активтері 65,7 млрд. АҚШ долларына жетті. Бұл туралы Bloomberg берген сұхбатында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Оның айтуынша, негізгі өсу алтындағы активтерді қайта бағалау, сондай-ақ Үкіметтің шоттарына келіп түсетін қаражат есебінен орын алды. Қаржы реттеушісінің басшысы сондай-ақ өктемдік бойынша алдын ала деректермен бөлісті. Мәселен, 2016 жылғы маусымда ҚР ҰБ-ның валюта нарығындағы валютаны сатып алу түріндегі өктемдіктері 2,5 млн. АҚШ долларын құрады, бұл «іс жүзінде нөлдік мәнді» білдіреді, деп хабарлады Д. Ақышев.

«Валюта нарығында тұрақтандыруды атап өткен жөн. Ұлттық Банк өзінің валюта нарығына қатысуын барынша азайтты және теңгенің айырбастау бағамы Қазақстан орталық банкінің қатысуынсыз қалыптасуда», - деп атап өтті ол.

ҚР ҰБ-ның деректері бойынша, 2016 жылғы ақпан – мамыр аралығында жеке тұлғалардың нетто-сату көлемі шамамен 1 млрд. АҚШ долларын құрады. Шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 2016 жылғы қаңтардағы өзінің ең көп 70% мәнінен 2016 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша 60%-ға дейін төмендеді. Халықтың салымдары бойынша долларлану деңгейі қаңтардағы 80,4%-дан 70,6%-ға дейін төмендеді. Экономикаға кредиттердің көлемі жыл басынан бастап іс жүзінде өзгерген жоқ және 2016 жылғы мамырдың соңында 12,4 трлн. теңгені құрады. Кредиттеудің негізгі көлемі ауылшаруашылығына, құрылысқа және өңдеу өнеркәсібіне бағытталған.